

Д 14. Сандық фразеологизмдер

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, түркітану және тіл теориясы кафедрасы профессоры
ф.ғ.д. Авакова Раушангул Амирдинқызы



Дәрістің мақсаты мен *оқу нәтижелері*

Дәрісті меңгерген білімгер:

1 **Сандық фраземалардың уәжін түсіндіреді**
мифтік, магиялық, діни таным мен салт-дәстүрдің тілдегі ізін ашады

2 **Сандардың символдық мәнін ажыратады**
бір, екі, үш … тоғыз, он екі, қырық сандарының семантикасын сипаттайды

3 **Түркі тілдерімен салыстырады**
қазақ фраземаларын көне түркі ескерткіштері мен туыс тілдердегі параллельдермен салыстырады

4 **Мәтінде талдай алады**
көркем шығармадағы сандық фразеологизмдердің мағынасы мен қызметін анықтайды

ДӘРІСТІҢ МАҚСАТЫ

Сан есімдер ұйытқы болған фразеологизмдердің мифопоэтикалық, символдық табиғатын ашу

НЕГІЗГІ ҰҒЫМДАР

сандық фразеологизм · киелі сан · мифологема · символ · культурема · түркі параллельдері

Сан ұғымының *киелі табиғаты*

Ертедегі мифопоэтикалық дәстүрде сандарға **киелі мән** беріліп, олар діни, тәңірлік және әлемдік символ ретінде қабылданған. Халық сандарда адамға жақсылық та, жамандық та әкелетін құдіретті күш бар деп сенген.

І. Кеңесбаев

Тұрақты тіркестердің біраз бөлігі сан есімдер төңірегіне топтасады. **Үш, жеті, тоғыз, қырық** сөздері көбіне сандық мәнін жоғалтып, ежелгі наным-сенімнен туған символға айналған [Кеңесбаев, 1977: 612].

Ә. Хасенов

Түркі тілдеріндегі сан атаулары өмір шындығынан, нақты заттан алынған; көне түркі ескерткіштерінде олардың архаикалық символдық мәні сақталған [1990: 63].

Т. Жанұзақов

1–10, 20, 30 … 100, 1000 сандарымен жасалған кісі есімдері негізінен ер адамдарға қойылған; санмен келетін әйел есімдері кездеспейді [1971: 196].

ХАЛЫҚ ДАНАЛЫҒЫ

Бұхар жырау Қазыбек биге сандардың мағынасын айтқанда

Бір	бірлігі кеткен ел жаман
Екі	егесіп өткен ел жаман
Үш	білікті адамнан белгілі бала тумаған жаман
Алты	аймағын билей алмаған кісі жаман
Жеті	жетем деген мақсатыңа жете алмаған жаман
Сегіз	серкесіз қой бастаған жаман
Тоғыз	толысып өскенің
Он	о дүниеге жеткеніңіз

Бұл жолдар бүгінде нақыл, өсиет сөз ретінде қолданылады.

Бір және екі *сандарының мәні*

«Бір» — бірлік пен аздық, «екі» — қарама-қарсылық пен екіұштылық белгісі

1

Жалғыз Алла
бір құдай біледі, бір аллаға тәуекел, бір құдайдан тілегенім

Соңғы, қорытынды
бір ауыз сөз — соңғы сөз; *бір беткей* — айтқанынан қайтпайтын; *бір ауыздан* — түгел

Аз мөлшер, жақындық
бір уыс, бір аттам, бір жапырақ, бір шөкім бұлт, бір ұрттам су

2

Қарама-қарсылық
екі дүние: бұл дүние — жалған, о дүние — бақи

Опасыздық, өтірік
екі жүзді, екі сөзді, екі ұшты, екі кеменің құйрығын ұстау

Соматизммен
екі көзі төрт болды, екі езуі екі құлағында, екі иығынан демін алды

Тиянақты сөз
хан екі айтпайды, сөзін екі еткізбеді

«Екі сөзді болып елеңдеп жүргеннен, бір сөзді болып мерт кеткен дұрыс» (Б. Момышұлы)

Үш санының *символдық мәні*

Бүтіндік белгісі: басы, ортасы, соңы. Көне түркі ескерткіштерінде: *üč oγuz* (үш оғыз), *üč qarluq* (үш қарлұқ)

Бір нәрсенің ақыры

ер кезегі үшке дейін — ертеде батырлардың айқасы үш реттен аспаған

I

Әскери топ

үш мүйіз болды — үш топқа бөлінді, үш топ құрды

II

Тілек тілеу

ошақтың үш бұты — от басы мен бала-шағаның амандығын тілеу

III

Қалың мал, айып

үш тоғыз — әрқайсысы тоғыздан тұратын үш сыйлық не айып

IV

Туыстық

үш жұрт: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты — сүйеніш пен қорғаныш

V

I. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігінде» көрсетілген мағыналар (I–IV) және үш жұрт туралы халық түсінігі (V)

Төрт санының *символикалық мәні*



Төрт — дүниенің төрт тарабы мен тұтастықтың белгісі

Бес және алты *сандары*

«Бес» — санау шегі (бес саусақ), «алты» — алыстық, көптік, күш

БЕС ҚАРУ

- **тартыспақ** — садақ
- **атыспақ** — мылтық
- **шанышпақ** — найза, сүңгі
- **шабыспақ** — қылыш, алдаспан
- **салыспақ** — шоқпар, айбалта

Шеберлік

бес аспап — қолынан бәрі келетін; ***бес саусақтай біледі*** — жетік біледі

Өмір шегі

бес күндік жалған — уақытша, шектеулі ғұмыр

Абай

«Бес нәрседен қашық бол, бес нәрсеге асық бол»: бес дұшпан мен бес асыл іс

6

Алты саны

бестік санау жүйесінен кейінгі «көп» ұғымы

Алыстық, тұтастық

алты алаштың баласы — күллі қазақ;
алты қырдың ар жағында — алыста;
алты аласы, бес бересі жоқ — бөтен

Күш, ұлылық

алты батпан — аса ауыр; ***алты қанат ақ орда*** — салтанатты; ***алты құлаш ақ найза, алты басты айдаһар***

Жеті санының *символдық мәні*

І. Кеңесбаев: жеті санының қолданыс өрісі өзге сандардан кеңірек, онда көне салттың ізі сақталған [1977: 612]

Фразеологизм	Мағынасы	Шығу уәжі
жеті ата	**туыстық шек**	Тәуке хан тұсында «жеті атадан әрі ғана қыз алысу» заңы шыққан
жеті ғалам	**бүкіл әлем**	**шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік, аспан, жер, жер асты**
жеті жұрт	**көп ел**	шығыс халықтарының ата жұрты туралы түсінік
жеті әліп	**бақыт, жетістік**	**құмалақ ашу, балгерлік: құмалақтың «жеті әліп» болып түсуі**
жеті қат жер астында (балқ.)	**өте алыс**	жер асты әлемінің жеті қабаты туралы миф
йәттә мүчә сақ (ұйғ.)	**сау-саламат**	**сөзбе-сөз «жеті мүшесі сау»**

Түркі тілдерінде жеті саны **молшылық пен тұтастықты** білдіреді: түрік *jedi iklim dört bucak* — «барлық жерде», татар *җиде төн уртасы* — «қап-қараңғы түн».

Сегіз және тоғыз *сандары*

Екеуі де көптік, толықтық, байлық ұғымын береді; көне түркі: *sekiz oyuz*, *toquz oyuz*

Сегіз — молшылық, шексіздік

сегіз қырлы, бір сырлы — өнерлі, шебер; ***сегіз қиыр шартарап*** — күллі әлем; ***сегіз бейіш*** — жұмақ; ***дос егіз, дұшпан сегіз***

Тоғыз — салт пен құрмет

қалың мал мен айып тоғыз-тоғыздан берілген: ***тоғыз беру, тоғыз айып тартты, тоғыз табақ***. Тоғыздың ішінде **тоғыз түрлі зат** болуы шарт.

Түркі параллелі

түрік *dokuz canlı* — «шыдамды, өміршең» (тоғыз жанды); *dokuz köyden kovulmuş* — «ешкіммен тіл табыса алмайтын»

Тоғыз жау

С. Кенжеахметұлы бойынша

1	жаман болса	**жақын жау**
2	шайпау болса	**қатын жау**
3	шабан болса	**атың жау**
4	тартыншақ болса	**түйең жау**
5	тебеген болса	**биең жау**
6	күнде келсе	**күйеу жау**
7	жымысқы болса	**жиен жау**
8	тіл алмаса	**ұлың жау**
9	арсыз болса	**қызың жау**

Он екі және *қырық*

12

Уақыт өлшемі

он екі ай, он екі жыл (мүшел) — «Құтты білікте» *on iki ülg*

Бүтіндік

он екі мүше — адам денесінің тұтастығы, толысқандық

Қырық саны алғашында «көп, мөлшерсіз» мағынасында қолданылып, кейін **киелі мөлшерге** айналған [Кеңесбаев, 1977: 615–616]

Қырық саны

Көптік

қырық қарақшы, қырық бұрау, қырық тесік, қырық жыл

Салт-дәстүр

сәбиді ***қырқынан шығару***; марқұмның ***қырқын беру***

Мінез

қырық құбылу — сөзінде тұрмау; ***қырық қазанның құлағын тістеу*** — кезбе; ***қырық иттің құйрығын түйістірген*** — айлакер

Ауыз әдебиеті

«Қырық қыз», «Қырық өтірік», «Қырымның қырық батыры»; ***бойы бір тұтам, сақалы қырық тұтам***

Халық түсінігінде қырық — адам өміріндегі шекті, киелі мерзім: «қырқынан шығару» мен «қырқын беру» осыдан

Қорытынды: *сан — символ мен таным*

1 · 3 · 4 · 12

Бірлік пен тұтастық
бір құдай, үш жұрт, төрт құбыласы түгел, он екі мүше

2

Қарама-қарсылық
екі дүние, екі жүзді, екі сөзді

5 · 40

Шек пен киелі мерзім
бес күндік жалған, бес қару, қырқынан шығару

6 · 8

Көптік, күш, шеберлік
алты қанат ақ орда, сегіз қырлы бір сырлы

7 · 9

Салт пен туыстық
жеті ата, тоғыз беру, үш тоғыз

Сандар фраземалар құрамында көбіне нақты мөлшерді емес, халық танымындағы символдық мағынаны білдіреді.

ТҮЙІН

Сан есімдер ұйытқы болған фраземаларда мифтік **культуремалардың** символдары сақталған.

Олардың қалыптасуына халық санасындағы мифтік, магиялық түсініктер мен салт-дәстүр әсер еткен.

Көне түркі ескерткіштері мен туыс тілдердегі параллельдер бұл символдардың **ортақ түркілік** тамырын дәлелдейді.

Өзін-өзі *тексеру сұрақтары*

Дәріс материалын бекітуге арналған

01 Сандық фразеологизмдердің қалыптасуына қандай мифтік-магиялық түсініктер әсер етті?

02 Бір санымен келетін фраземалардың негізгі мағыналық топтарын атаңыз.

03 Екі саны қандай қарама-қарсылықты білдіреді? Мысал келтіріңіз.

04 І. Кеңесбаев үш санымен келетін фраземалардың қандай мағыналарын көрсетеді?

05 Төрт санының кеңістік және тұтастық мағынасын түсіндіріңіз.

06 «Бес қарудың» құрамын атап, бес санының шектік мағынасын түсіндіріңіз.

07 «Жеті ата», «жеті ғалам» фраземаларының уәжі неде?

08 «Тоғыз беру» салты мен «тоғыз жау» ұғымын түсіндіріңіз.

09 Қырық санымен байланысты салт-дәстүрлер мен фраземаларды атаңыз.

10 Түркі тілдеріндегі сандық фраземалардың ортақ белгілері қандай?

Пайдаланылған *әдебиеттер*

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. – 175 б.
2. Авакова Р.А. Фразеосемантика. Монография. – Алматы: Қазақ университеті, 2013.
3. Болғанбаев Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы, 1977. – 711 б.
5. Қашқари М. Түбі бір түркі тілі. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 191 б.
6. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 220 б.
7. Нұрмағамбетов Ә. Бес жүз бес сөз. – Алматы, 1994. – 304 б.
8. Сатенова С.К. Қазақ тіліндегі қос тағанды фразеологизмдердің тілдік және поэтикалық табиғаты. – Алматы, 1997.
9. Сағидолла Г.С. «Түркі – моңғол тілдік байланысы: топонимия және фразеология». – Астана, 2011.
10. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы, 1994. – 190 б.